

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 23 тамыздағы № 325 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 тамызда № 29285 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бүйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.06.2023 № 263 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

#### **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қызметтер саясатын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.Д. Оспановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік  
корғау министрі

Т. Дүйсенова

## КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

## КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігі

## КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты  
әлеуметтік корғау министрі  
2022 жылғы 23 тамыздағы  
№ 325 бұйрығына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы" Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 24 ақпандағы № 138 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13543 болып тіркелген) бұйрығында:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ишкі істер органдары адам саудасымен байланысты құқық бұзушылықты анықтаған (айқындаған) кезде, адам саудасының құрбаның сәйкестендіруді ішкі істер органдары уәкілетті органмен, ұйыммен бірлесіп жүргізеді.";

мынадай редакциядағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Егер адамдарды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды саудаға салу, оларды пайдаланудың өзге де түрлері, сондай-ақ адамдарды ұрлау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталса және адам жәбірленуші болып танылған жағдайда, осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес оны сәйкестендіру талап етілмейді.";

мынадай редакциядағы 14-1- тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Қатыгездікпен қараудың бар-жоғына бағалау жүргізу қорытындылары бойынша осы стандартқа 8-қосымшага сәйкес есеп жасалады.";

2 және 8-қосымшалар осы Тізбеке 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 1079 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14701 болып тіркелген) бүйріғында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бүйріқпен бекітілген Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

"1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты (бұдан әрі – стандарт) "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2) тармағына сәйкес өзірленді.";

24-тармақтың 7) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы", "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы", "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы", "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы", "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тиесілі женілдіктерді, жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттер мен басқа да төлемдерді алуға, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға жәрдемдесу";

5-қосымша осы Тізбеке 3-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрінің міндеттін атқарушының және

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрінің өзгерістер мен толықтырулар

енгізілетін кейбір

бүйріктарының тізбесіне

1-қосымша

Адам саудасының құрбандарына

Нысан

Бағалау парагы

(бағаланатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

P/c №	Адамды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды саудага салу, оларды пайдаланудың өзге де түрлері, сондай-ак адамдарды ұрлау кезінде қатыгездікпен караудың бар-жоғын бағалауға арналған критерийлердің тізбесі	Адамды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды саудага салу, оларды пайдаланудың өзге де түрлері, сондай-ак адамдарды ұрлау кезінде қатыгездікпен караудың бар-жоғын бағалауға арналған көрсеткіштер (балдар)
1	Адамдарды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды сатудың, оларды пайдаланудың өзге де түрлерінің, сондай-ак адамдарды ұрлаудың мақсаты	
2	Сексуалдық пайдалану мақсатында адамды саудага салу/сексуалдық пайдалану	
3	Мәжбүрлі еңбек мақсатында адамды саудага салу/мәжбүрлі еңбек	
4	Баланы заңсыз асырап алу мақсатында кәмелетке толмаған балаларды саудага салу	
5	Қайыршылықпен айналысуға мәжбүрлеу мақсатында адамды саудага салу/қайыршылықпен айналысуға мәжбүрлеу	
6	Адамның органдарын және тіндерін заңсыз алу мақсатында адамды саудага салу	
7	Блок бойынша жиыны	
8	Адамға қатысты жасалған әрекеттер Сатып алу-сату, өзге де мәмілелер (сыйға тарту, айырбастау, жалға беру, адамды мәміле бойынша міндеттеменің орындалуын камтамасыз ету ретінде қалдыру, мүліктік емес сипаттағы қандай да бір пайда алу мақсатында адамды беру және басқалар)	
9	Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кінәлінің мәжбүрлі еңбекті, яғни адам оны орындау үшін өз қызметтерін ерікті түрде ұсынбаган, осы адамнан күш қолдану немесе күш қолданамын	

		деп коркыту арқылы талап етілетін кез келген жұмысты немесе қызметті пайдалануы	
10		Кінәлінің алғынған табыстарды иемденіп алу мақсатында басқа адамның жезөкшелікпен айналысуын немесе ол көрсететін өзге де қызметтерді пайдалануы, сол сияқты кінәлінің материалдық пайда алу мақсатын қөздемей, адамды сексуалдық сипаттағы қызметтер көрсетуге мәжбүрлеуі	
11		Адамды қайыршылықпен айналысуға, яғни басқа адамдардан ақша және (немесе) өзге мүлікті сұрауга байланысты қоғамға жат әрекет жасауга мәжбүрлеу	
12		Кінәлі және (немесе) басқа адам үшін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді орындаудан өзіне байланысты емес себептер бойынша бас тарта алмайтын адамға қатысты меншік иесі өкілеттіктерін кінәлінің жүзеге асыруына байланысты өзге іс-әрекеттер	
13		Азғырып-көндіру – зардап шегушіні жәбірленушіні қандай да бір жұмыстарды немесе қандай да бір қызметті, оның ішінде, егер оны пайдалану мақсатымен байланысты болса, құқыққа қайши қызметті атқаруға келісіне қол жеткізу	
14		Тасымалдау – адамды пайдалану мақсатында бір жерден екінші жерге, оның ішінде бір елді мекеннің ішінде оның орнын ауыстыруға байланысты қасақана жасалатын іс-әрекет	
15		Беру – зардап шегушіні оны пайдаланатын адамға тікелей беру	
16		Жасыру – зардап шегушіні құқық корғау органдарынан, туыстары мен басқа адамдардан жасыру ( мысалы, арнайы үй-жайларға жасыру, қандай аумаққа болса да шығуына мүмкіндік бермеу, жәбірленушінің жеке өзіне немесе	

	психикалық белсенділігінің төмендеуіне дәрі-дәрмек арқылы ықпал ету)	
17	Алу - адамды пайдалану немесе одан әрі беру үшін тікелей алу	
18	Пайдалану мақсатында ұрлау	
19	Пайдалану мақсатында бас бостандығынан зансыз айыру	
	Блок бойынша барлығы	
20	Адамға қатысты пайдаланылған құралдар	
21	Өмір мен денсаулыққа қауіпті күш колдану немесе оны колданамын деп қоркыту	
22	Қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды колдану	
23	Алдау немесе сенімге қиянат жасау	
24	Өзінің қызметтік жағдайын пайдалану	
25	Материалдық немесе басқа тәуелділікті пайдалану	
26	Психикасының бұзылуын немесе дәрменсіз күйін пайдалану	
27	Жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қою, жасыру не жою	
	Блок бойынша барлығы	
28	Адамға келтірілген зиян	
29	Тән ауруына ұшырататын, бірақ зардаптарға әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау	
30	Ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын келтіру немесе психикалық зардап шегу	
31	Адамның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзак уақытқа бұзылуына әкеп соққан денсаулық зардап шегу	
32	Адамның өміріне қауіпті, көруден, тілден, естуден қандай да болсын органнан айырылуға немесе органның қызметін жоғалтуға немесе бет-әлпетінің қалпына келтіргісіз бұзылуына әкеп соққан денсаулыққа зиян келтіру, сондай-ақ денсаулықтың	

	бұзылуын тудырган не түсік тастауға, психикасын бұзуға, есірткімен немесе уытты умен ауруға душар еткен денсаулыққа өзге зиян келтіру
	Блок бойынша барлығы
	Жалпы нәтиже

---

(Бағаланатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Адамды саудаға салу, оларды пайдаланудың өзге де түрлері, сондай-ақ адамдарды ұрлау іс-әрекеттерінің нәтижесінде қатыгездік танытудан зардап шеккен деп танылады .

---

(Бағаланатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Адамды саудаға салу, оларды пайдаланудың өзге де түрлері, сондай-ақ адамдарды ұрлау іс-әрекеттерінің нәтижесінде қатыгездік танытудан зардап шеккен деп танылмайды.

(қолы) (бағаланатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), күні)

Ұйым маманы \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, күні)

Аудандық (қалалық) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар үекілетті

органының өкілі \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, күні)

Ішкі істер органының өкілі \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, күні)

Казақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі

міндептін атқарушының және

Казақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрінің

өзгерістер мен толықтырулар

енгізілетін кейір

бүйректарының тізбесіне

2-қосымша

Адам саудасының құрбандарына

арнаулы әлеуметтік қызметтер

көрсету стандартына

8-қосымша

**Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау туралы есеп**

1. Тегі \_\_\_\_\_
2. Аты \_\_\_\_\_
3. Әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_
4. Күні мен уақыты \_\_\_\_\_
5. Өткізу орны (мекеменің атауы және мекен-жайы)

6. Мән-жайлар (сәйкестендіру сәтіндегі бар (мысалы, ұйым қызметкерлерінің болуы,  
алып жүрушілер) және фактіге қатысты ақпарат \_\_\_\_\_

7. Сұрау негізінде зардап шегушімен не болғандығы туралы ақпарат ( болжалды қатыгез

қарым-қатынас әдістерін, болжалды қатыгез қарым-қатынасты қолдану  
уақытын және

физикалық немесе психологиялық жай-күйіне түскен шағымдарды қоса  
алғанда)

8. Сәйкестендіруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),  
қолы

Ескертпе:

Есеп құпия сипатта болады.

Құқық қорғау органдарына тек жазбаша сұрау салу болған кезде және зардап шегушінің жазбаша келісімімен ғана беріледі.

Сәйкестендіруге уәкілетті адам зардап шегушіні сәйкестендіру кезінде белгілі болған және қызметтік міндеттерін орындау кезінде иелігінде болатын барлық мәліметтердің құпиялышының сақтайды.

Сәйкестендіруге уәкілетті адам зардап шегушіні сәйкестендіру кезінде белгілі болған және қызметтік міндеттерін орындау кезінде иелігінде болатын барлық мәліметтердің құпиялышының сақтайды.

Сәйкестендіруге уәкілетті тұлғаға мәліметтерді жария етуге және үшінші тарапқа беруге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
міндеттін атқарушының,  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
өзгерістер мен толықтырулар

енгізілетін кейбір  
 бұйрықтарының тізбесіне  
 3-қосымша  
 Тұрмыстық зорлық-зомбылық  
 құрбандарына арнаулы  
 әлеуметтік қызметтер  
 көрсете стандартына  
 5-қосымша

## Бағалау парағы

---

### (Бағаланатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Р/с №	Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалауға арналған критерийлердің тізбесі	Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау көрсеткіштері
1.	Күш көрсете зорлық-зомбылығы	
1.1	Тән ауруына ұшырататын ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау	
1.2	Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапты сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй заттарына зақым келтіру және жеке тұрғын үй немесе пәтер шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер	
1.3	Ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын келтіру немесе психикалық зардап шегу	
1.4	Адамның өміріне қауіпті емес және зардаптарға әкеп соқпаған, бірақ денсаулықты ұзак уақытқа бұзылуға әкеп соққан денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру	
1.5	Адамның өміріне қауіпті немесе көруден, тілден, естуден қандай да болсын органнан айрылуға немесе органның қызметін жоғалтуға немесе бет-әлпетінің қалпына келтіргісіз бұзылуына әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, сондай-ақ өмірге қауіпті немесе еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін тұракты түрде жоғалтуға ұштасқан немесе кінәлігे мәлім кәсіби еңбек	

		кабілетін немесе түсік тастауга, психикасын бұзуга, есірткімен немесе уытты умен ауыруға душар еткен денсаулықтың бұзылуын тудырған денсаулыққа өзге зиян келтірген қасақана ауыр зиян келтіру	
2.		Психологиялық зорлық-зомбылық	
2.1		Дәрекілік, қорлау, корқыту, бопсалау, қудалау және адамның теріс эмоционалды реакциясын және психикалық ауырсынуды тудыратын басқа әрекет (әрекетсіздік)	
2.2		Адамды өзін-өзі өлтіруге жеткізу немесе зардап шегушіні қорқыту, оған қатыгездікпен қарау немесе оның адамдық қасиетін ұдайы қорлау жолымен өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу	
2.3		Өлтіремін деп немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіремін деп, сол сияқты адамның жеке басына өзге ауыр құш қөрсетемін не мүлікті өртеп құртамын деп, жарылыс жасап немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқыту, бұл қорқытудың іске асатындығына қауіптенудің жеткілікті негіздері бар болған кезде	
2.4		Жалғасып келе жатқан қудалау, мәжбүрлі көші-қон	
3.		Экономикалық зорлық-зомбылық	
3.1		Жеке басты қуәландыратын, меншікке құқық белгілейтін, әрекеттер жасауға құқық беретін құжаттардан айыру	
3.2		Тіршілік қызметі үшін қажетті ақшалай қаражаттан айыру	
3.3		Тұргын үйден айыру	
3.4		Тіршілік қызметі үшін қажетті тамақтан айыру	
3.5		Тіршілік қызметі үшін қажетті киімнен айыру	
4.		Сексуалдық зорлық-зомбылық	
4.1		Зорлау, яғни зардап шегушіге немесе басқа адамдарға құш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып не	

	зардап шегушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау	
4.2	Көрінеу он төрт жасқа толмаған адамға қатысты күш қолданусыз азғындық іс-әрекеттерді жасау	
4.3	Адамды жыныстық қатынасқа түсуге, еркек пен еркектің, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасауға мәжбүр ету	
	Жалаңаштануға мәжбүрлеу, денені сипап карау, әдепсіз немесе қорлайтын қарым-қатынас, сондай-ақ жыныс мүшелеріне соққы беру және оларға заттармен әсер ету, жыныстық қол сұғышылық	

(Багаланатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты іс-әрекеттердің нәтижесінде қатыгездікпен қараудан зардап шеккен деп танылады.

(Багаланатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты іс-әрекеттердің нәтижесінде қатыгездікпен қараудан зардап шеккен деп танылмайды.

Үйым мамандары

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, күні)

Аудандық (қалалық) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар уәкілетті

органының өкілі

— (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, күні)

Ішкі істер органының өкілі

— (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, күні)